

УДК 577.4: 332 (009): 574

**60-80 ЖЫЛДАРҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ ҚАЙТА ҚҰРУ БАҒЫТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ**

Тар.ғылым.канд. С.А.Байтілен

*Аталмыш статьяда 60-80 жылдар аралығында Қазақстан ауыл шаруашылығын экологиялық негізде қайта құру бағыты және сол кезеңдегі ССРО Коммунистік партиясы Орталық комитетінің солақай саясаты оның Қазақстан ауыл шаруашылық кешеніне тигізген кері әсері нақты фактілер мен жан-жақты зерттелген.*

Басқару тізгіні қолына тиген Н.Хрущев елді астықпен қамтамасыз ету мақсатын көздеп, тың және тыңайған жерлерді игеру ісін 1954 жылғы көктемінен бастап асқан даңғазалықпен жүзеге асыруға кірісті. Жан-жақты ойластырылмай, күні бұрын жүргізілген дайындықсыз, тек қана бір адамның ықпалымен жүргізілген бұл жұмыс ұлан ғайыр өлкені сынақ алаңына айналдырды. Алдынала жасалған және сынақтан өткен агрономиялық, техникалық тәсілдер болмай тұрып ғасырлар бойы көк майса жайқалып жатқан миллиондаған малдың өрісі болып келген жерді бірден жаппай жырту әсіресе Республиканың солтүстік аудандарында сол кездегі Франция секілді мемлекеттің шамамен барлық егістік көлеміне тең 3 млн. гектардан астам құнарлы қара топырақты алқап жел эрозиясына ұшырады.

Егістіктің шығымдылығын арттырудағы маңызы зор интенсивті тәсіл большевиктік шұғыл шабуылын қолдану, яғни оның көлемін ұдайы ұлғайтып отыру, тіпті өнімді аз беретін, тек малдың жайылуына ғана қажет сортаң жерлерді де жырту арқылы өнім көлемін арттыру тәсілмен алмастырылды; әр гектарға 24 тұқым себіліп, 6-7 ц. астық жиналды, оның өзіндік құны қымбатқа түсті. бірақ тыңның атағын шығаруға үлес боп қосылды.

Солай болғаны мен тыңды игеру елдің астық балансын нығайтуына септігін тигізбеді, осының бәрі басқа факторларды қосқанда, түптеп келгенде астық өндіру көлемінің жылдан-жылға азая беруіне әкеліп соқты. Н.С. Хрущевтің 60-жылдардың басындағы әрекет жайында ағылшынның белгілі мемлекет қайраткері У.Черчилль «Ұлан ғайыр жері бар Ресейді астықсыз қалдыру қандай данышпандық - деген еді /1/.

Миллиондаған гектар жерді астық өндіру үшін жыл сайын жырту мал азығының шабындық пен жайылымдылықтар көлемінің күрт қысқаруына әкеліп соқты. Нәтижесінде өлкенің дәстүрлі мал түліктері — жылқы, жайылымдық ет-май және ет-жүн бағытындағы қойларды өсіруде орны толмас зиян келтірілді.

Хрущевтің ойланбай, өлшел-пішілмей, ғылыми түрде дәлелденбей жүргізілген ауыл шаруашылығының ілгері ретінде санап шығарған қарша бораған қаулы-қарарлары күткен тиімділікке жеткізбеді. Өйткені әбден бюрократтанған партиялық мемлекеттік номенклатура демократиялық түбірлі өзгерістің болуын қаламады. Мәселен, жергілікті жердің климаттық, топырақ, жер, су ерекшеліктеріне қарамай орталықтың өмірімен жер-жерге жаппай жүгері өсіру қолға алынды. Ондағы саясат- сол арқылы мал азығы проблемасын шешу, сөйтіп халықты ет-сүтпен толық қамтамасыз ету, осы көрсеткіштер бойынша үш жылда АҚШ-ты қуып жету. Бұл әрекеті де нәтиже бермеді. Масақты дақылдарды бөлектеп отырудан ауа райы ыстық Оңтүстік аудандарда егін орағы кезінде орынсыз ысырапқа жол берілді.

Осындай және басқа да Орталықтың дәлірек айтқанда қоғамды билеуші Коммунистік партия өмірімен жүргізілген реформалар нәтижесіз аяқталды.

Коммунистік партияның ықпалына белгілі аграрлық ғалымдардың өздері құн заңының қимылын үзілді кесілді бір ауыздан жоққа шығарды. Ұжымшарлар үшін шаруашылық есеп өнімнің өзіндік құны, пайда сияқты өндірісті жүргізуде маңызы зор экономикалық категориялар антимаркстік болып есептелді. Баспасөзде миллионер ұжымшарлар жайында даурықпалы — даңғазалық айқай-шу етек алды. Ал олардың көпшілігінің миллиондаған борыштарын мемлекет кешіріп берешек етпей қоятын. Ондай өзін-өзі ақтамайтын ұжымшарлар қарызға қайтадан белшесінен бататын.

Сол кезде жалпы табыс көлемі миллион сомға жеткен шаруашылықтар миллионер саналып, дәріптенеді, тіпті жоғары жетістік ретінде бағаланып, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне солардың өнімдері үлгі болып қойылды. Ал шын мәнінде миллионға жету үшін қанша шығын жұмсалынып, өнім өндірілгені есепке алынбады. Партия комитеттері ол жағын білсе де білмеген болып, үндемеді, өйткені «миллионер неғұрлым көп болса аудан, облыс басшыларының қызметі соғұрлым жоғары бағаланады. Ал іс жүзінде мұндай «озық шаруаларда өндірілген өнімнің көпшілігі залалды еді, яғни олардың сату бағасы жұмсалған шығынның оннан бір бөлігінің де орнын жаппады. Мысалы, бір тонна картопка төлем ақы оны қабылдау базасына жеткізуге жұмсалған шығынды да ақтамады. Сол сияқты, сауылған бір литр сүт мемлекетке сатылғаннан түскен пайда оған жұмсалған шығыннан әлде қайда кем болды.

Жоғарыда аталғандай интенсификацияға бөлінген қосымша қаржы негізінде ауыл шаруашылығы өндірістеріне жаңа технология енгізіліп, техникалық сапасы арта түсті мұның өзі еңбек процесін

ұйымдастыруға да оңды ықпалын тигізді: көптеген жұмыстар механизм арқылы атқарылды, сөйтіп еңбектің өнімділігі артты, бұл өз кезеңінде өзіндік құнын арзандатты.

Ғылыми тұғырды зерттеп отырған кезеңдер Қазақстанда елеулі оқиғаға толы болды. Мәселен, тек 1970-1976 жылдар ішінде аса маңызды халық шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық міндеттер шешілді. Республикада 31 миллиард сомнан астам мемлекеттік күрделі қаржы игерді. Бұл 1966-1970 жылдардың қорытындысынан үштен біріндей дерлік көп. /2/

Белгіленген шаралардың жүзеге асырылуындағы алғашқы қадамдар оң нәтижелерін бере бастады: 1965 жылы қуаңшылығына қарамастан, Республиканың кеңшарлары мен ұжымшарлары мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін, мақта және көкөніс тапсыру жөніндегі жоспарлы тапсырмаларын асыра орындады.

Шаруашылық реформаның көптеген маңызды принциптері жүзеге асырылып жатты. Ауыл село еңбеккерлері аянбай еңбек етті. Сөйтіп экономиканың осы бір маңызды саласындағы жағдай жақсара бастады. 1965-1967 жылдары ауыл шаруашылығы өнімін өндіру жылына 4 пайызға артып отырды, ал Қазақстанның ұлттық жалпы еңбек көлемі жылына 8 пайызға, халық тұтынатын тауарлар 10 пайызға ұлғайды. /3/

Сегізінші бесжылдықта /1966-1970 ж.ж./ Республика үшін өнеркәсіптің дәстүрлі салаларын басқа ауыл шаруашылығын интенсификациялауға тікелей қатысы бар машина жасау жедел қарқынмен дамыды, оның көлемі 1,6 есе, ауыл шаруашылық машиналарын шығару 2 есе ұлғайды. Павлодар трактор зауыты жұмыс істей бастады, Ақмола қаласындағы «Казсельмаш зауытында егіншілік пен ауыл шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыруға арналған жаңа машиналар мен жабдықтар шығарыла бастады.

Сегізінші бесжылдық КСРО тарихындағы бесжылдықтардың ішіндегі ең таңдаулылардың бірі болды. Осы жылы Қазақстанның қоғамдық жалпы өнімдерінің көлемі 1,5 есе, өнеркәсіп өндірісі — 1,6 есе ұлғайды. 1966-1970 жылдары оның алдындағы он жылда өндірілген өнім шығарылды, ұлттық табыс көлемі 41 пайызға ұлғайды /4/.

Біз зерттеп отырған кезеңдегі Республикадағы кеңшарлардың өсуімен қатар ұжымшарлардың сан жағынан кемуі және ауыл шаруашылық егін дақылдары мен мал шаруашылығында өндірілген өнімдер көрінісін төмендегі таблицалардан (1,2,3) байқауға болады/5/.

Таблица 1  
Қазақстандағы кеңшарлар мен ұжымшарлардың саны  
(жыл аяғында)

| аты  | 1965  | 1970  | 1975  | 1980  | 1985   | 1986   | 1987   |
|--|-------|-------|-------|-------|--------|--------|--------|
| Кеңшарлар (жыл аяғында)  | 1521  | 1625  | 1864  | 2077  | 2140   | 2119   | 2143   |
| Істейтін жұмысшылар (мың адам)   | 888,9 | 811,4 | 892,5 | 989,5 | 1045,5 | 1042,3 | 1045,4 |
| Ұжымшарлар (жыл аяғында)   | 454   | 435   | 404   | 397   | 388    | 88     | 386    |
| Істейтін ұжымшарлар (мың адам)   | 300,9 | 287,1 | 280,0 | 278,1 | 279,7  | 279,4  | 276,0  |
| Шаруашылық аралықтағы ұйымдар мен мекемелер (жыл аяғында)  |       | 50    | 70    | 190   | 347    | 210    | 163    |
| Кеңшарлар мен ұжымшарларда мердігерлік ұжымдардағы (бригада) бригадалар және өздігінше істейтін звеньялар (мың): |       |       |       |       |        |        |        |
| өсімдік шаруашылықта;  |       |       |       | 11,3  |        | 13,0   | 16,0   |
| мал шаруашылықта   |       |       |       | 22,8  |        | 32,2   | 41,4   |

Таблица 2  
Ауыл шаруашылық егін дақылдарын жалпы жинауы (мың тонна)

| Жылдар | Астық   | Мақта шикізот | Қызылша | Картофель | Бақша өсімдігі | Жүгері | Арпа   | Сұлы  | Тары  | Күріш |
|--------|---------|---------------|---------|-----------|----------------|--------|--------|-------|-------|-------|
| 1965   | 604,0   | 243,3         | 1929,9  | 1130,7    | 590,4          | 106,0  | 1141,2 | 126,7 | 149,2 | 93,3  |
| 1970   | 22240,4 | 276,7         | 2222,6  | 1896,0    | 798,5          | 154,2  | 3452,8 | 557,0 | 277,3 | 276,7 |
| 1975   | 12007,3 | 283,5         | 1959,1  | 1728,1    | 917,8          | 285,5  | 2562,5 | 187,8 | 91,0  | 283,4 |
| 1980   | 27505,7 | 357,9         | 2223,2  | 2238,4    | 1134,2         | 414,1  | 6405,0 | 690,7 | 385,1 | 612,5 |
| 1985   | 24164,3 | 305,2         | 1901,1  | 2197,0    | 1084,7         | 597,7  | 6356,5 | 569,9 | 445,7 | 671,2 |
| 1986   | 28306,1 | 332,9         | 1721,1  | 2136,5    | 1210,5         | 504,5  | 7579,5 | 656,1 | 423,6 | 633,7 |
| 1987   | 27444,0 | 311,9         | 1768,2  | 2065,9    | 1190,0         | 476,9  | 7408,6 | 490,2 | 592,8 | 654,3 |

## Мал шаруашылығында өндірілген өнімдер

| Жылдар | Ет<br>мың т. | Сүт<br>мың т. | Жұмыртқа<br>млн. дана | Жүн<br>мың т. | Өсімдік<br>майы | Мал<br>майы | Консерві Банкі<br>мың банкі | Қант<br>мың т. |
|--------|--------------|---------------|-----------------------|---------------|-----------------|-------------|-----------------------------|----------------|
| 1965   | 768,3        | 3327          | 1052,2                | 73,9          | 58181           | 45072       | 244229                      | 171,3          |
| 1975   | 986,7        | 4059,4        | 2430,4                | 93,9          | 69080           | 44945       | 397611                      | 147,3          |
| 1980   | 1009,4       | 4375,8        | 3206,1                | 98,5          | 83719           | 60035       | 411362                      |                |
| 1985   | 1156,1       | 4628,6        | 3614,8                | 97,8          | 74113           | 69267       | 391236                      | 337,0          |
| 1986   | 1300,0       | 5040,2        | 4096,8                | 106,1         | 75508           | 74443       | 446901                      | 342,3          |
| 1987   | 1399,2       | 5185,2        | 4189,3                | 106,4         | 79967           | 76227       | 449010                      | 348,6          |

Зерттеліп отырған кезеңде Республикада ауыл шаруашылығының жалпы жағдайын мына тікменгі таблицадан көрсеткен егістіктің және мал шаруашылығының өнімдерін жинаудағы көрсеткіштерін қандай дәрежеде болғанын байқауға болады: /6/

Таблица 4

## Қазақ республикасының әлеуметтік-экономикасының дамуындағы негізгі көрсеткіштер (1970-1987), млрд. сом

|                                | 1970 | 1975 | 1980 | 1985 | 1986 | 1987 |
|--------------------------------|------|------|------|------|------|------|
| Ауыл шаруашылықтың жалпы өнімі | 143  | 128  | 179  | 175  | 197  | 192  |
| Өсімдік шаруашылығының өнімі   | 129  | 86   | 165  | 152  | 176  | 158  |
| Мал шаруашылығының өнімі       | 158  | 168  | 192  | 198  | 218  | 224  |

Дегенмен көп ұзамай, бүкіл ССРО-дай Қазақстан экономикасы, дамуындағы қарқынның баяулығы байқала бастады. Өйткені 1965 жылы реформалардан кейін бұрын орын алып келген залалдар экономикалық заңдылықты өрескіл бұрмалау, іске білмеушілікпен араласу т.с.с. — сақталып қана қоймай, оларға жаңа кедергілер қосылды. Мәселен, құнды бағалаудың жаңа көрсеткіштері өткізілген өнімнің көлемі немесе оны жайғана өткізу тәртібі сол кезде-ақ енгізілген болатын. Бұл сатылған жалпы өнім үшін ақша өнеркәсіп, ұжымшар және кеңшарлардың есепшотына келіп түсті деген сөз. Онда жаман болмағаны ғой. Ал, іс жүзінде оңай болмады: өткізілген өнім көлемі, ағымдағы бағамен есептелінуі де өндіріс көлемі мен еңбек өнімдерінің артуы тұрақты бағалармен белгіленді. Сөйтіп, тағыда жалпы тауарлы өнімді көптеп шығара беру қажет болды. Өйткені ол енді кәсіпорынның /бірлестіктің/ бас

басқармалар мен салалардың қызметін бағалайтын өлшемге айналды. Енді экономикалық көрсеткіштердің барлығы соған «байланды». Қол жеткен деңгейге қарай жоспарлау жағдайды оданда ауырлата түсті. Көрсеткіш жоғары болған сайын алдағы уақытта одан жоғары көрсеткішке жоспарланып отырды. Мұны жергілікті жердегі басқарып отырған партия комитеттері сезбеді. Олар көтеріңкі міндеттемелер қабылдауға дағдыланып алды, шаруашылықта жоқ мал басын барға көрсетіп отырды, ал соған қарай мемлекетке ет, сүт, жүн, қарақұл елтірісін сатудың жоспары шарықтай берді.

Алайда, жекелеген кеңшарлар мен ұжымшарларда егіншілік мәдениеті деңгейінің әліде төмен екені, ауыспалы егістің баяу жүргізілуі, жаңа тәсілдердің игерілмеуі Алматы, Жамбыл, Талдықорған және басқа бірқатар облыстардың көптеген ұжымшарлары мен кеңшарларында орын алған. Сондықтан да егіннің шығымы төмен болған. Кейбір тұқым шаруашылықтар тұқым себу мерзімін өткізіп алып, кондициясыз және будандастырылмаған тұқымды себуге жол бермеген партиялық және кеңестік органдар тарапынан орынды сыналып, баспасөзде қатты сыналды.

Мұндай жағдай партияның XXIII съезінен кейін орын ала бастады. Оның шешімдері барлық шаруашылық іске партия комитеттері, тікелей жауап береді делінген. Номенклатурадағы лауазым иелері енді қайткенде де партия комитеттеріне жағыну-жалпаңдаумен болды. Қол ұшынан пара беріп жылы орындарында ұзақ отырудың қамын ойлауды, өртүрлі айла-өрекет жасады. Сөйтіп 70-жылдан бастап, жоғарыдан төмен қарай жалпаң, қошемет, ауыз-жаласуға жол берілді. Жоғары сатыдағы басшылар атына сын айту деген мүлдем болмады. Төмендегілер оларға жағыну үшін көзбояушылыққа батыл баратын болды. Ондай фактілер ашыла қалса жеңіл-желпі ескерту сөгіс беру сияқты жанға батпайтын шаралармен шектелді.

Осындай келеңсіз жағдай қоғам өмірінде жайлады. Мұның кесірі шаруашылықтың дамуына кедергі болды. Нәтижесінде егіншілік пен мал шаруашылығында өрескіл кемшіліктер орын алды. Оған бірнеше дәлелді мысал келтірейік. Семей облысының Аякөз, Үржар, Жарма аудандары мал шаруашылығының барлық көрсеткіштері бойынша 1972 жылы жылдық жоспарын орындамады. 1960 жылға қарағанда 5 аудандарда малдың саны кеміп кеткен, Облыс бойынша 13 мың жылқы азайған. /7/

Кеңестік жоспарлау тәсілінде ысырапқорлыққа қарсы тосқауыл қою мүмкін емес еді. Бұл бәрінен де ауыл шаруашылығы өндірісінен айқын көрінеді. Ол өзінің барша кеңестік тарихында экстенсивті түрде жүргізіліп келеді. Әкімшіл-әміршіл жүйенің әсіресе мал шаруашылығына тигізген зардабы аз болмады. 70-жылдардың аяғында Қазақстанда қой малының санын 1985 жылға қарай 41 млн., ал 1990 ж. 50 млн. жеткізу жөнінде орталық шешім қабылдады. Мұндай ойдан шағарылған жоспарды орындау мүмкін емес еді. Өйткені оған ешқандай жағдай жоқ. Біріншіден, соншама малға маусымдық жайылым жетіспейді: 20 млн. гектарға жуық құнарлы малдың өрісі нешетүрлі әскери сынақтар мен жабық аймақтар

шенберінде қалып қойды; екіншіден, соншама малды бағуға жұмыс қолы жетіспейді.

70-жылдардың аяғында-ақ халықты азық түлікпен жабдықтау өткір проблемаға айналды. Шетелдерден астық және басқа да тамақ өнімдерін сатып алу көлемі жылдан жылға ұлғая беретін болғандықтан оны шешудің жолдары қарастырылды. 1982 жылдың мамырынан 1990 жылға дейінгі кезеңге арналған азық-түлік бағдарламасы бекітілді. Онда барынша қысқа мерзім ішінде халықты азық-түліктің барлық түрлерімен тұрақты қамтамасыз ету, аса жұғымды тағамдар есебінен немесе кеңес адамдарының тамағының құршымын едәуір жақсарту міндеті қойылды. Ол оған дейін, сол сияқты аса маңызды саналған бағдарламалар, реформалар сияқты қағаз жүзінде қалып қойды. 1983 жылғы бірінші қаңтарынан бастап ірі кара малды, шошқаны, қойды, сүтті, астықты, қант қызылшасын, картопты, көкөністі және бақа ауыл шаруашылығы өнімін сатып алудың бағалары көтерілді. Алайда мұндай өкімет әрекеті елеулі өзгеріске қол жеткізбеді. Өйткені ауыл шаруашылығында берік орын алған әкімшіл-күштеу жүйесі село еңбеккерлерін мол өнім өндірулеріне кедергі болды, Материалдық ынталандыру жүйесі орныкпады, еркіндікке жол берілмеді, барлық іс- әрекет күштеу арқылы жүргізіле берді. Жер байлығын ысырапсыз тиімді пайдалану ғылыми түрде саяси түрде мақсат етіп қойылмады.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рыспаев К. Мал шаруашылығын интенсификациялау-уақыт талабы.-Алматы, 1985, 3-46 б.
2. Президент архиві ( П.А.). 708 қ., 89 т., 107 іс, 107 п.
3. ХҮІ съезд Коммунистической партии Казахстана. 6-8 февраля 1986 года: стен. отчет.- Аліма-Ата: Қазақстан, 1986., 36-37 б.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

### ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПЕРЕСТРОЙКИ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХСТАНА В 60-80 ГОДЫ НА ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОСНОВЕ И ИХ СУДЬБЫ

Канд.ист.наук С.А.Байтилен

В данной статье на основе конкретных фактических документов исследовано развитие и пути перестройки сельского хозяйства Казахстана на экологической основе в 60-80 годах, а также негативные стороны руководства Коммунистической партии сельским хозяйством республики.